



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаты  
Р.Қ. Әбдікеревке

2022 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 16-13-17 дс хатына

**Құрметті Рысқали Қалиакбарұлы!**

Сіздің су саласының мәселелеріне қатысты депутаттық сұрауыңызды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

*Қ. Сәтбаев атындағы су арнасының қуатын пайдалана отырып, Қарағанды облысында жеміс-көкөніс алқаптарының суармалы жерлерінің ауданын ұлғайтуға және тиісті қаражат бөлуге қатысты*

Қ. Сәтбаев атындағы су арнасының жобалық қуаты бүгінгі күні жылына 1,2 млрд м<sup>3</sup> суды құрайды. Каналдың жылдық су тұтынуы (өнеркәсіптік кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, табиғатты қорғау, су арналары және басқа ұйымдар) 2022 жылы 477,8 млн м<sup>3</sup> құрады, 2023 жылы 492 млн м<sup>3</sup> көлемінде су беру жоспарлануда.

«Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы шеңберінде суармалы жерлерді ұлғайту мақсатында Қарағанды облысында 2023 – 2024 жылдары 42,9 км суару каналдарын қайта жаңарту жоспарлануда. Нәтижесінде 4,4 мың га суармалы жер қалпына келтірілетін болады.

Сондай-ақ «2030 жылға дейін суармалы жерлердің ауданын 3 млн гектарға дейін жеткізу» бағдарламасы бойынша Қарағанды облысы бойынша айналымға жаңа 100 мың гектар суармалы жерлерді енгізу көзделген. Бұл шара ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

2023 – 2024 жылдарға арналған осы бағдарламаны іске асыру үшін Қарағанды облысының әкімдігі суармалы жерлерді 14,9 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарын әзірледі (2023 жылы – 4 мың гектар, 2024 жылы – 10,9 мың гектар).

Павлодар облысында суармалы егіншілікті дамыту үшін 16,9 млрд теңге сомасына жалпы ауданы 20,1 мың га суармалы учаскелерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу бойынша әзірленген жобалау-

сметалық құжаттамасы бар 22 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде. Жоғарыда аталған жобаларды іске асыру қорытындысы бойынша суару алаңын 2030 жылға қарай 190 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бұдан басқа, Павлодар облысында ауыл шаруашылығының су шығынын азайту үшін суармалы жерлерді енгізудің ұлғаюына байланысты жыл сайын тамшылатып суарылатын алаңдар және суарудың дисперсті тәсілімен жаңбырлатқыш машиналарды пайдалану ұлғаяды. Осылайша, тамшылау технологияларын қолдана отырып, жыл сайын ауданды ұлғайту шамамен 200 га құрайды, қазіргі уақытта тамшылау технологиялары 1000 га аумақта қолданылады.

*Шағын фермерлерге су үнемдеу технологияларын сатып алуға және оларды салуға субсидиялар көлемін 50 %-дың орнына 80 % - ға дейін ұлғайтуға қатысты*

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің суару жүйелерін (жаңбырлатып, тамшылатып суару жүйелерін) сатып алуға және инфрақұрылым салуға инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау 50 % мөлшерінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар шығындардың 80 %-ын өтеу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуына алып келеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, шығындарды 80 % - ға өтеуді орынсыз деп санаймыз.

*Су үнемдеу технологияларының қажеттіліктері үшін баламалы энергия көздерін салуды субсидиялауға қатысты*

Жел қондырғыларының жұмыс істеуі үшін қажетті жел дәліздерінің болуына байланысты Қазақстанның климаты жел электр станцияларын салу үшін қолайлы. Алайда жел дәлізі аймағында негізінен жайылымдар немесе тәлімі жерлер орналасқан.

Сонымен қатар баламалы энергия көздерін (жел генераторлары мен күн панельдерін) пайдалану соңғы пайдаланушылар (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер) үшін осы инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсетудің жоғары шығындарына алып келеді.

Осыған байланысты қазіргі уақытта баламалы энергия көздері тек шалғайдағы шаруашылықтарда қолданылады.

*Кәсіпкерлерді жеміс-көкөніс өнімдерін сақтауға арналған арнайы қойма салуға ынталандыру үшін инвестициялық субсидиялар мен жеңілдетілген кредиттер беруге қатысты*

Көкөністерді сақтау сыйымдылығын арттыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі көкөніс қоймаларын салу және жаңғырту бойынша кешенді жоспар әзірледі. Жоспарда жыл бойынша бөлінген ауыл шаруашылығы өнімдерінің қоймаларын салуға қатысты әрбір өңір үшін нақты индикаторларды айқындау көзделген. Бұдан басқа жоспарда өңірлердің қолданыстағы қоймаларды жаңғырту және оларды заманауи сақтау инфрақұрылымымен жабдықтандыру жөніндегі жұмысы көзделеді.

Қоймаларды құруға және жаңғыртуға инвестицияларды ынталандыру мақсатында жоспарда өнімнің тауарлық қасиеттерін сақтай отырып, оның ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ететін арнайы жабдығы бар қазіргі заманғы қоймаларды салу кезінде субсидиялау нормативін 25 %-дан 50 %-ға дейін ұлғайту бөлігінде инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу көзделеді.

*Сумен жабдықтау мамандары үшін ерекше еңбек жағдайларын жасауға, ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін қосымша үстемақыларды қарауға, сондай-ақ олардың дайындығы мен тәжірибесін арттыруға қатысты*

Ағымдағы жылдан бастап азаматтық қызметшілердің жалақысын (бір салада) 2022-2025 жылдар кезеңінде жыл сайын орта есеппен 20% - ға кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады. Нәтижесінде 4 жыл ішінде осы санаттағы қызметшілердің жалақысы 2 есеге артады.

Сондай-ақ үкіметтің («Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 31.12.2015 жылғы № 1193 қаулысына сәйкес) ұйымдардың басшыларына ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемақылар белгілеу, қаражатты үнемдеу есебінен сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету құқығы берілді. Сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандырушы үстемақылар белгілеу құқығы берілді.

Су шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру шеңберінде «Таза су» біліктілікті арттыру институтының, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің, «Су хабы» халықаралық зерттеу орталығының және Тараз өңірлік университетінің базасында республика бойынша 809 су шаруашылығы қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өтті (2020 жылы – 270, 2021 жылы – 329 және 2022 жылы (9 ай) – 210).

Сонымен қатар қазіргі уақытта Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын су саласының негізгі ғылыми-техникалық орталығы ретінде айқындау мәселесі пысықталуда. Оған су саласы бойынша ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізуге басым құқық бекітілетін болады. Аталған институттың жанынан еліміздің су ресурстарының саны мен сапасы туралы объективті және шынайы ақпаратты қалыптастыру үшін ақпараттық-талдау орталығын құру жоспарлануда.

**Ә. Смайылов**